

**Алғашқы әскери және технологиялық  
дайындық пәніне  
КІРІСПЕ САБАҚ**

**Дайындаған: “Жамбыл политехникалық жоғары  
колледжі”-нің алғашқы әскери дайындық пәнінің  
оқытушысы сержант Омарова Динара Әшімқызы**

**Тараз қаласы - 2020**

## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

**1. Сабақтың мақсаты:** Білім алушыларды ҚР ҚК-дегі әскери қызметтің заңнамалық негіздерімен, Қарулы Күштер қатарындағы әскери қызметпен таныстыру. Олардың мемлекет қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

**2. Сабақтың барысы:**

**а) Ұйымдастыру кезеңі:**

Взвод командирі білімгерлерді сапқа тұрғызады, оқытушыға рапорт береді, амандасу, түгендеу, білімгерлердің сырт көрінісін тексеру.

## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

### б) Негізгі бөлім:

Құрметті білім алушылар! «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні 8 тараудан тұрады. Бұл пәннің ерекшелігі - ол әскери білімге негізделген және жасөспірімдерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметке бағыттайды. Сендер бұл пән арқылы алғашқы әскери дайындықтан өтіп, жаңа ұғымдармен, Қарулы Күштер қатарына шақыру және әскери қызмет ету ережелерімен, сонымен қатар әскери қызметшілердің міндеттері мен құқықтарымен, әскери техникалар мен әскери қару-жарақ түрлерімен танысасыздар. Әскери іс негіздерін үйренесіңдер.

## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі» деген тарауда Қазақстан Республикасы Конституциясындағы мемлекеттің ұлттық және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жалпы ережелер, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамы мен негізгі міндеттері түсіндіріледі.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары» атты тарауда әскери қызметшінің жалпы және әскери тәртіпті сақтауға байланысты міндеттерін, әскери қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін оқып білесіңдер .

## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

«Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Әскери топография» және «Әскери роботты техникалардың негіздері» деп аталатын тараулар өзара байланысты.

Тактикалық дайындықта әскери қызметшілердің сәтті ұрыс жүргізуге қажетті дағдылары қамтылады. Бүгінде заманауи әскери ұрыстарда роботты техникалар белсенді қолданылуда. Сол тұрғыдан алғанда осы пәнде әскери мақсатта жұмсалатын роботты техникамен, оларды қолдану салаларымен, сондай-ақ роботтардың тактикалық тапсырмаларды шешудегі функционалдық мүмкіндіктерімен таныс боласыздар.



## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

«Саптық дайындық» бөлімінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың саптық жарғысындағы талаптарды оқып білесіңдер. Орнында тұрып немесе қозғалыста, бөлімше құрамында сапта тұрып немесе жеке тұрғанда орындалатын саптық қимылдарды жасауды практика барысында үйренесіңдер.

«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» тарауында заманауи жою құралдарымен және олардың зақымдау факторларымен танысасыңдар. Қарсылас заманауи жоюшы құралдарды қолданған сәтте әр адамның қорғану құралдарын пайдалана алуы, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсете білуі маңызды. Бұл тарауда дәл осы дағдыларға үйренесіңдер.

## Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне кіріспе

Осы аталғандардың барлығы да сендердің алғашқы әскери білімдеріңді қалыптастыруға, қажетті дағдылар мен қимылдарды игеруге көмектеседі деп сенеміз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 36 бап, 1 тармағында «Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» делінген. Бұл пәннің де негізгі мақсаты – біздің Отанымыз Қазақстан Республикасын қорғауда жауапкершілік пен патриоттық сезімге тәрбиелеу.